

КМҚК «№140 БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚША»

**№5 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС
2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫ**

КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТИК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӨСІПОРНЫ «№140 БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫ»

№ 5 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС МАТЕРИАЛДАРЫ

Откізілетін уақыты: 31 мамыр 2023 жыл

Педагогикалық кеңестің түрі: «Интелектуалды жарыс»

Тақырыбы: «Оқыту-тәрбиелеу жұмысының 2022-2023 жылдық корытындысы, жаз кезеңіндегі мектепке дейінгі үйымдардың қызметі, жаз мезгілінің оку қызметі, күн тәртібі, өтпелі тақырыптары»

Мақсаты: Жылдық жоспар міндеттерінің орындалуы бойынша ұжымның істеген жұмыстарының нәтижесін анықтау, жаз мезгіліне дайындық.

Педагогикалық кеңеске қатысушылар: менгеруші, әдіскер, психолог, музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы, тәрбиешілер.

Алматы 2023 жыл

КҮН ТӘРТІБІ

1. №4 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы –менгеруші: Ш.А.Мухаметрахимова
2. Бір жылдың барлық топтардағы тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайын талдау, денсаулық топтарының барлық көрсеткіштері.-медбике : Есжанова М.С.
3. Балалардың даму деңгейін талдау және бағдарламалардың орындаудың деңгейі жоғарылауы жөніндегі жалпы тұжырым –әдіскер: Ф.Б.Кулджина
4. Тәрбиешілер мен педагогтардың жылдық есебін тыңдау.
5. Тренинг
6. Педкеңестің шешімі.

№ 5 педагогикалық кеңесте өтілетін ашық оқу қызметтері

1. «Күншуақ» кіші топ тәрбиешісі: С.С.Қаппар
Тақырыбы: «Орман қызықтары»
2. «Балапан» ортаңғы топ тәрбиешісі: Г.Ж.Бугенбаева
Тақырыбы: «Үй құстары мен дала құстары»
3. «Жұлдыз» ортаңғы топ тәрбиешісі: Р.К.Абдильдаева
Тақырыбы: «Пішіндер»
4. «Ақбота» мектепалды топ тәрбиешісі: Д.Қ.Сатпаева
Тақырыбы: «Қоршаган әлем»
5. «Құлпынай» ересек топ тәрбиешісі: Н.Ж.Рысбекова
Тақырыбы: «Интелектуалды білім жарысы»
6. «Ақжелкен» мектепалды топ тәрбиешісі: Б.Р.Масакбаева
Тақырыбы: «Сиқырлы математика ертегілер әлемі»

I.ТЫНДАЛДЫ:

Балабақша менгерушісі: Шаттық Абишевна сөз алды:
IV-педагогикалық кеңестің шешімдерінің жүзеге асу барысынан мәлімдеме жасады. Балабақша шамызда оқу –тәрбие жұмысы нормативтік стандартқа сай жүргізіледі. Педагогикалық кеңестерге педагогтар құрамы жылдық міндеттеріміздің негізін ала отырып, тақырыптар бойынша үлken дайындық жұмысын жүргізді. Жыл бойы жоспар бойынша мерекелік іс - шаралар өз ретінде өткізілді. Балабақшада жыл бойы 4 педагогикалық кеңес өтті. Педкеңестерге педагогтар тақырып бойынша үлken дайындық жұмысын жүргізді. Педагогикалық кеңесте педагогтар арасында теориялық ақпараттандыру түрінде, сайыс, дөңгелек үстел, іс-тәжірибемен бөлісу түрінде өткізілді. Барлық топта балалардың жас ерекшеліктеріне сай , тәрбиешілер оқу қызметін көрсетіп, балалардың бағдарламаны менгеру, білім үлгемінің диагностикасын қорытындылап жасады. IV- педагогикалық кеңестің шешімдері толығымен орындалды -, деп менгеруші: Шаттық Абишевна сөзін аяқтады.

II ТЫНДАЛДЫ:

Күн тәртібінде қаралатын екінші мәселе бойынша «Бір жылдық барлық топтардағы тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайын талдау, топтардың денсаулық көрсеткіштері бойынша –медбике : М.С.Есжанова сөз алды.

Дені сау ұрпақ-ертеңгі елдің жалғасы , -дегендей. Бүгінгі біздің ұрпағымыз дені сау болып өсуі керек. Балабақшамызда жылдан жылға ОРВ, ОРВИ, ауруларымен ауыратын балалар саны азаюда. Оның себебі түрлі сауықтыру шараларының жүргізілуінде деп есептеймін. Балабақшамызда дene шынықтыру залы нормативтік стандартқа және заман талабына сай жабдықталған. Сонымен қатар балалар серуенде таза ауамен жұтып қана қоймай, түрлі қимыл-қозғалыс ойындарын ойнайды. Оның өзі бала бітімінің дұрыс қалыптасуына себеп болады. Балалардың балабақшаға келуі -72% , ал келмеген балалар саны -28 % пайызды құрады. Жыл бойы жүқпалы арулар болған жоқ. ОРВИ мен – 4 бала, фаренгит пен 1 бала, ауыз уылу мен -8 бала, ЭВИ мен 1 бала ауырған. Жалпы қорытындылай келсек балабақша бойынша денсаулық көрсеткіші 85,4 % көрсетті , - деп медбике сөзін аяқтады.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

1. Тәрбиеші: М.О.Бектурсунова «Күншуақ» кіші тобы, топта жыл бойы балабақшаға келу көрсеткіштері жоғары. Белгілі себептермен қалған балаларда анықтамалары болды. Серуенге күніне күн тәртібіне сәйкес екі рет шығарып отырды. Топтар желдетіліп, график бойынша кварталады. Таңертең балалардың дene қызуын тексеріп, денсаулық журналы уақытылы толтырылып отырады.

ШЕШІМ:

1. Денсаулық журналы жүргізілсін. Балалардың балабақшаға келуі қадағалансын.

III ТЫНДАЛДЫ:

Күн тәртібінде қаралатын үшінші мәселе бойынша балалардың даму деңгейін талдау және бағдарламалардың орындаудың деңгейі жоғарлауы жөніндегі жалпы тұжырым жасау үшін – әдіскер: F.Б.Кулджина сөз алды. Өтілген қорытынды ашық ұйымдастырылған іс-әрекеті тоқталды. «Күншуақ» кіші топ тәрбиешісі: С.С.Каппар, Тақырыбы: «Бояулар әлеміне саяхат»; «Балапан» ортаңғы топ тәрбиешісі: Г.Ж.Бугенбаева

Тақырыбы: «Үй құстары мен дала құстары»; «Жұлдыз» ортаңғы топ тәрбиешісі: С.С.Қаппар
Тақырыбы: «Пішіндер»; «Ақбота» ересек топ тәрбиешісі: Д.Қ.Сатпаева, Тақырыбы:

«Қоршаған әлем»; «Құлпынай» мектепалды топ тәрбиешісі: Б.Шалқарқызы, Тақырыбы:

«Интелектуалды білім жарысы»; «Ақжелкен» мектепалды топ тәрбиешісі: Б.Р.Масакбаева

Тақырыбы: ««Сиқырлы математика ертегілер әлемі» » ашық оқу қызметтері, балалардың жас ерекшелігі ескерілген, оқу қызметі өз деңгейінде өтті. Жаңа технологияларды қолданды. Балалар берілген тапсырмаларды қызыға өте жақсы орындағы. Бірақ, талдау барысында көрнекіліктер А3 болу керектігі ескертілді. Балаларды өте жақсы ұйымдастыра біледі.

Балалар қойылған сұрақтарға жауап беріп, белсенділік танытты. Балабақша бойынша өткізілген ашық оқу қызметтері өз деңгейінде өтті, ескертулер талдау кезінде айтылды,- деп - әдіскер сөзін аяқтап, педагогтарға қызметтеріне табыс тіледі.

Мониторингке тоқталды. Қортынды монитонг гугл форматта болғандығы туралы айтылды.

Сондай –ақ баланың жеке даму траекториясын мысал ретінде слайдтан көрсетті. Барлық топтар мониторинг көрсеткішін және даму картасын толығымен өткізді,- деп әдіскер сөз кезегін тәрбиешілер мен педагогтардың есебіне берді.

ШЕШІМ:

1. Оқу қызметтерінде жаңа технологиялар, әдістер қолданылсын.
2. Іс-тәжірибелер таратылсын.

IV. ТЫНДАЛДЫ:

Төртінші мәселе бойынша әр топ тәрбиешілерінің есебі тындалды. Сонымен бірге психолог, музика жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы есеп берді. Менгеруші: Шаттық Абишевна тәрбиешілерге алғысын білдіріп, жыл бойы балалардың балабақшаға келу нәтижесі бойынша қорытынды жасады, топтар тазалығын, безендірілуін, ерекше, белсенді тәрбиешілерді мақтап, мақтау қағаздарымен марапатталды.

ШЕШІМ:

Тәрбиешілер мен педагогтардың есебі қанағаттанарлық деп есептелінсін

V. ТЫНДАЛДЫ:

Бесінші мәселе бойынша балабақша психологы: Г.Н.Дарибаева сөз алып, Тренинг: «Біз біргеміз-берік іргеміз»

Мақсаты:

Педагогтардың ұжымдық сыйластық, бір – біріне сенім арту, бірлесіп жұмыс жасауға баулу, көніл – күйлерін көтеру. Қатысуышылардың өз ойларын ашық жеткізіп, бір – бірінің пікірін құрметтеуге, сеніммен қарауға бейімдеу. Тұлғаның өзін ортада көрсете білу, өзін бағалай алуға түрлі психологиялық жағдайлардан шығу және өз пікірін ашық айтуға ықпал жасау. жеке тұлғаның рухани өсуіне психологиялық жағдай жасай отырып, адамгершілік, сыйластық, әдептілік, шынайылық, адалдық құндылықтарын ұғынуға көмектес.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Тәрбиеші: Сатпаева Д.К. педагогтармен өткіzetін тренингтері қызықты, еңбегінізге табыс тілеймін.

ШЕШІМ:

1. Психологтың педагогтармен және балалармен жасалатын жұмысы жалғасын тапсын.

VI. Педагогикалық кеңестің шешімі

№ 5 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҚ ШЕШІМІ:

1. № 4 педагогикалық кеңестің шешімінің қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелінсін. Ескертулер түзетіліп, орындалсын.

Мерзімі: 02.06.2023 жыл
Жауаптылар: әдіскер, педагогтар.

2. Тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайын талдау қанағаттанарлық деп есептелінсін.

Мерзімі: ұнемі
Жауапты: медбике ,тәрбиешілер

3. Балалардың даму деңгейлері қанағаттанарлық деп есептелінсін.

Мерзімі: ұнемі
Жауапты: әдіскер ,тәрбиешілер

4. Тәрбиешілер мен педагогтардың есебі қанағаттанарлық деп есептелінсін.

Мерзімі: ұнемі
Жауапты: әдіскер

5. Психолог жұмысы одан әрі өз жалғасын тапсын.

Мерзімі: ұнемі
Жауапты: психолог

6. Педагогикалық кеңестің шешімі қабылдансын

Педагогикалық кеңестің төрайымы:  **Ш.А.Мухаметрахимова**

Педагогикалық кеңестің хатшысы:  **F.Б.Кулджина**

